

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

(1640 — 1914)

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

Өңделіп, толықтырылған төртінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2016

ӘОЖ 373.167.1(075.3)
КБЖ 63.3(0)я72
Д87

КІРІСПЕ

Қымбатты балалар! Дүниежүзі тарихының Жаңа заман деп аталатын кезеңі ежелгі және орта ғасырлар заманынан өзіндік ерекшелігімен айқындалатын тарихи дәуір болып табылады. Жаңа заман дәуірі Батыс елдері мен Шығыс елдері үшін ортақ тарихи кезең болғанымен, өзінің басталуы мен аяқталуы жағынан өртүрлі уақытты және өзіндік түрлі тарихи кезеңдерді қамтиды. Мысалы, Батыс елдері жаңа заманда капиталистік қатынастарды дамытып, адамзат дамуының өрлеу кезеңін бастан кешірсесе, Шығыс елдері, керісінше Ұлы географиялық ашылулар мен батыс державаларының отаршылдық әрекеттерінің нәтижесінде ұзаққа созылған феодалдық қоғамның дағдарысты кезеңіне тап болды. Дегенмен адамзат тарихындағы капиталистік дәуір деп аталатын кезеңді Батыс елдерімен қатар Шығыс елдері де бастан өткерді. Батыс — отарлаушы елдер, ал Шығыс — отаршылдыққа түскен елдер ретінде капиталистік қатынастар аясында өмір сүруге мәжбүр болды. Сөйтіп, Жаңа заман дүниежүзілік капиталистік жүйенің қалыптасып, отар елдердің ұлт-азаттық күрестерімен сипатталған заманы болды.



Бүкіл адамзат тарихын, оның сонау алғашқы қауымдық құрылыстан өркеніет заманына дейінгі дәуірін екі үлкен кезеңге бөлуге болады: мыңдаған жылдарға созылған аграрлық өркеніет дәуірі және индустриялық өркеніет кезеңі, яғни қазір біз өмір сүріп отырған заман.

Ежелгі дүние және орта ғасырлар тарихынан сендерге аграрлық өркеніет (лат. *ager* — жер, егіс даласы) ұғымы жақсы таныс. Аграрлық өркеніет кезеңіндегі адамдардың тыныс-тіршілігі жермен тығыз байланысты болды. Ежелгі Мысырда да, ортағасырлық Еуропада да егінші, малшылардың еңбегі едәуір дәрежеде табиғи жағдайларға байланысты болып, табиғи “сағаттармен”, яғни жыл мезгілінің ауысуымен реттеліп отырды. Өртүрлі халықтардың дәстүрлері, шаруашылық өмірінің ерекшеліктері — адамдардың кеңістік пен уақыт, жалпы әлем, ондағы адамның өмірі туралы ұғымдарын айқындап берді. Бұл көзқарастар адамдардың әрқилы діни наным-сенімдерді қабылдауы нәтижесінде пайда болып, әлемнің әр аумағында олардың ұзақ уақыт бойы өмір сүруінің

Авторлары:

Н. А. Алдабек — кіріспе, § 8—13, 22—27, § 29;
Н. А. Алдабек және Р. М. Бекіш — § 14, 28;
Н. А. Алдабек және К. Қожахметұлы — § 27;
К. Н. Мақашева — § 1, 3, 6; § 15—17;
К. И. Байзақова — § 2, 4, 5; § 18—19; § 21;
Р. М. Бекіш — § 7, 20.

Шартты белгілер:

* — күрделі сұрақтар мен тапсырмалар
 — қосымша материалдар
 — тарихи құжаттар

Дүниежүзі тарихы (1640—1914). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Н.Алдабек, Р.Бекіш, К.Қожахметұлы, т.б. — Өнд., толықт. 4-бас. — Алматы: Мектеп, 2016. — 280 б., сур.

ISBN 978—601—07—0730—6

Д 4306020600—031 27(1)—16
404(05)—16

ӘОЖ 373.167.1(075.3)

КБЖ 63.3(0)я72

© Алдабек Н., Бекіш Р.,
Қожахметұлы К., Мақашева К.,
Байзақова К., 2004
© “Мектеп” баспасы, көркем
бездірілуі, 2016

Барлық құқықтары қорғалған
Басылманың мүлкітік құқық-
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—0730—6